



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

жыраулардың шығармашылық өмірі қоғамдағы қайшылықтармен тығыз байланысты. Отарлау саясатының етек алуы, халықтың басына түскен қайғы-қасірет ақынның шығармашылығына әсер етті, айналасында болып жатқан өзгерістерден ой түйген ақын-жыраулар өмір құбылыстарын өзінше топшылады.

Жыраулар поэзиясындағы ұлттық дүниетаным, елдік пен ерлік сарыны, заман шындығы, халықтың ой бостандығы, бодандыққа қарсы дүниетаным, тәуелсіздік идеясын жан-жақты саралау басты мақсатымыз болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 170 б.
2. Қазыбайұлы С. XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясы. – Ақтөбе: Полиглот ЖШС, 2005. – 246 б.
3. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
4. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.

ӘОЖ 82.01.09

СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ БОЛЫМЫСЫ

Темирбек Айнур

ainur_1993t@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті мамандығының 1 курсы магистранты,

Астана Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.С.Оразбек

XX ғасыр басында қазақ қоғамындағы әділетсіздікті, халықтың сауатсыздығы мен қазақ әйелдерінің ауыр тағдырын өз шығармаларына арқау еткен қаламгердің бірі – С.Дөнентаев екені барша қазаққа белгілі. Проза мен поэзия жанрында қатар қалам тартқан С.Дөнентаев шығармашылығы кейінгі жылдары кейбір мақалаларда сөз болғанымен жеткілікті түрде зерттелмей келеді деп батыл айтуға болады. Шығармаларында өз заманының шындығын батыл айтып, қазақ қыздарының бақытсыз тұрмысы мен ел ішіндегі надандықты ащы тілмен түйрей отырып бейнелейтін ақын шығармашылығының бүгінде маңызы зор.

Бұл жайында С.Дөнентаев шығармаларын зерттеген Б.Ысқақов ойына сүйенсек: «Сәбит мейлі өлеңінде, мейлі қара сөзінде болсын қазақ әйелдерінің ескіліктің шырмауынан шығып, еркіндік, теңдік алуын, әлеумет қайраткері болуын арман етеді» [1, 114б] деп анық көрсетеді. Себебі ұрпақ тәрбиесі, баланың саналы, білімді болып өсуі ана өміріне тікелей байланысты болғандықтан да қазақ өмірінде осы бір мәселенің кем екеніне баса мән береді. Болашақ ұрпақ тағдырына аландағандықтан да ана тағдырын көбірек қозғайды. Бұл мәселе былай қарағанда сол XX ғасыр басындағы жалпы тақырып болып көрінуі де мүмкін. Бірақ заманды түзету үшін, әділеттілік орнату үшін қыздар мен аналарды құрметтеуді, оқытып-білім беру, қоғам жұмысына араластыру мәселесін қозғау қажет болды.

С.Дөнентаев шығармаларында бүкіл қазақ халқының өмірі мен әлеуметтік мәселелерін әйел тағдырымен сабақтастырып, қазақ қыздарының бақытсыздыққа ұшырауы мен білімсіздігін жете суреттейді. Сол замандағы салт-дәстүрдің қаталдығының әсерінен еріксіз малға сатылған қыздардың аянышты бейнесі, көз жасы, өмірде кәрі құртаң шалдарға еріксіз тұрмысқа шығып, қорлықта өткен және сол замандағы елдің, халықтың байлыққа, малға, дүние- мүлікке құмарлығын дәл көрсете білген. Оны «Жәмила қыз» атты өлеңінен байқауға болады:

Қатыны өліп Бекіштің,

Қызы бар деп Төкіштің

Іздеп келді алыстан.
Бұрыннан да емес жат,
Құдандалы қат-қабат,
Талай сүйек алысқан.
Сақалының ағы бар,
Мандайының бағы бар,
Берден дейтін шал келді,
Оның аты Берден ғой,
Құдай оған берген ғой,
Жәмилаға дәл келді.
О да қатын іздеп жүр,
Ынта көңлі қыз деп жүр.
«Болса алыңыз қыз керек,
Маған жалғыз Сіз керек»,-
Деп Төкіш бай жалпылдап,-[2, 1946]

деген өлеңінде бұрыннан қыз алысып, бір-бірімен құдандалы адамдардың надан әрекетін уытты кекесінмен бейнелейді. Өлеңде туған қызының өмірін мал-дүние үшін құрбан еткен қатыгез әке мен «сақалына ақ түскен» кәрі шалдың құлқынын бейнелеу арқылы ел болашағына алаңдаған қаламгердің гуманистік тұлғасы танылады.

Өлеңдеріндегі әйел баласына деген құрметі мен құқын қорғау туралы адамгершілік идеясын қара сөздерінде көтеріп, мәдениетті елдің әйелдерін оларға үлгі қыла жазды. «Қазақ әйелдері туралы» деген мақаласында қазақ әйелдерінің надандығы, білімсіздігі жайында айта келіп, әйел ерікті болсын, ешкімге жалтақтамасын, оқу-білім іздесін, ғылымға ынта қойсын, ойын ашық білдіруге жасқанбасын, жаңа дүниені танып-білуге ұмтылсын дейді. Осы мақалада Сәбит қазақ әйелдерін тәрбиелеудің екі түрлі жолын ұсынады: 1) ақыл-ой тәрбиесі – ғылым-білімге тәрбиелеу; 2) дене тәрбиесі – гимнастика, т.б. Бұл екеуін орындау үшін әйелдің ерікті болуын талап етеді. Сәбит қазақ қыздарына Европа әйелдерін үлгі қылып, олардың ер адаммен теңдігін айтып, білімділікті, ғылымды солардан үйренсін дейді. [1, 112б].

Сонымен қатар бұл мақалада қозғалған тағы бір мәселе сол кезеңде қазақ қоғамындағы әйел баласын кемсіту, қорлау. Әйелді тек ұрпақ жалғастырушы, үйдегі барлық шаруаға жауап беруші адам ретінде ғана қарауды қатты сынап, қазақ әйелдерінің басындағы жағдайды күйіне жазды. С. Дөнентаев : «Әйел неғұрлым еркін болса, соғұрлым хұлқы түзу болмақ»- дейді [3, 82б]. Қазақ әйелдеріне сөз бен таңдау еркіндігін беру, әйелдері еркін жұрттан үлгі алып, еркекте қандай құқық болса әйелдерге сондай бостандық сыйлау қазақтың парызы екендігін алға тарта жазды. Әйел теңсіздігіне ерекше көңіл бөліп, қатты сынап жазған ақын, әділет заманы орнаған кезде бұл мәселе үлкен үнмен, зор дауыспен айтылғанынан байқауға болады.

Сәбит Дөнентаев сияқты сол уақытта қазақ қыздарының тағдырына алаңдап, оларды қалың малға сатуға, күштеп сүймеген адамға ұзатуға, «әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деп кемсітуге қарсы болған және бұл мәселені өз шығармасында көтергендердің бірі - жазушы Спандияр Көбеев болатын. Оның «Қалың мал» романындағы көтерілген басты мәселе – сол замандағы әйел теңсіздігі мен жастардың бас бостандығы. Бұл тақырыпты таңдау және жазу себептері жөнінде жазушы өзі былай дейді: «Романды жазуға ең басты себеп болған нәрсе – қазақ әйелінің қас жауы, қазақ әйелдерін теңсіздікте, қорлық-зорлықта тұтып, малға теңеген феодалдық салтқа қарсы күрес жүргізу мақсаты еді. Демек, роман арқылы феодалдық шірік салтты әшкерелеу, қалың халық бұқарасын одан бездіру, әйелдерді азаттық күреске шығару еді» [4, 384б].

«Қалың мал» романы жайлы академик С.Қирабаев былай дейді: «Романда қазақ әйелінің теңсіздігімен бірге ескі патриархалдық әдет-ғұрып сыналады, қазақ ауылындағы таптық жіктелушілік пен байлардың қалың бұқараға жасап отырған озбырлығы суреттеледі. Романның негізгі идеясын автор характерлер арқылы ашуға тырысады. Олар көзқарасы, іс-

әрекеті жағынан екі түрлі. Бір жағында Ғайша, Қожаш және олардың жақтастары болса, екінші жағында Итбай, Тұрлықұл мен олардың тілектестері көрінеді. Роман осы екі көзқарастың тартысынан құралған» [4, 3856].

Романдағы басты кейіпкер Ғайша бейнесі, жоғарыда атап өткен С.Дөнентаевтың «Жәмила қыз» өлеңіндегі Жәмиламен тағдырлас екенін аңғаруға болады. Екеуінде әлпештеп өсірген, еркелеткен, өздері имандай сенген әкелері байлыққа, малға көзі қызығып өздері сүймеген адамға тұрмысқа шығуға мәжбүрлейді. С.Көбеев қатыгез әке жайлы ойын Ғайшаның мұңын шағып, өкпесін білдірген сөздері арқылы көрсетеді:

Әй, аға шыныңменен шалға беріп,
Ғайшаның теңін таппай, малға беріп,
Жиылған ағайынға отырғаның,
Біреудің бақ-дәулетін қызық көріп.
Мен сорлы екі-үш күннен отқа түскен,
Отырған ажал жетпей қалуға өліп.
Жүрегім, басым дал боп, ішім күйіп,
Қайғылы, уайымды, шаттық сөніп, – [4, 3856]

деп бұл өлең арқылы Ғайшаның әкесіне деген өкпесін, не істерін білмей дал болған күйін, өзегі өртеніп, қасірет пен өксікке тұншыққан халін ерекше баяндайды.

Ал С. Дөнентаев «Жәмила қыз» өлеңінде иронияны қолданып, сол арқылы сынайтын кейіпкерін мақұлдағансып отырып кекетеді:

Қыз бермеймін, «кәрі» деп,
«Қатыны өлген әрі» деп
Беттетпейді Төкішбай, –
Шайтан алсын, шал алсын,
Төкең байғұс мал алсын! [4, 4106].

деп, қызды кімге берсе де, әкесінің мал, дүние алуына тілектес болып отырған кейіп танытқанымен, шын мәнінде С.Дөнентаевтың бұл сөздерінің артында өз баласына жаны ашымаған әкеге деген ұлы кекесін, сын жатыр.

Ал өлеңнің келесі жолдарында Төкіш әкенің шынайы ойы анық байқалады:

Жүзге малы толмаған,
Жексұрын ғой оңбаған, – [4, 4026].

деп, арсыз, дүниеқоңыз әке қызын қатыны өлген жігітке тұрмысқа бермеймін деп емес, оның сіңірі шыққан қу кедей екендігіне көңілі толмайды. Төкіш әке Бекішті кәрі шал болғаны үшін емес, кедей болғандықтан менсінбейді. Бұл жерден Төкіш ақсақалдың адамдарды тегіне, адалдығы мен адамдығына қарай емес, малына, байлығына қарап өлшейтін өте есепшіл, өзі тойса да көзі тоймайтын ашкөз адам екендігін байқауға болады.

Осылайша С.Дөнентаев қу дүниеге алданған әкелердің озбыр қылығын, қыздарының өміріне балта шауып, кәрі құртан сексендегі селкілдеген шалдарға еріксіз мал-мүлікке сатуын сынап әрі кекетіп жеріне жеткізе жаза білген.

С.Дөнентаев «қалың мал» жайлы мәселені публицистикалық мақалаларына да арқау етіп, бұл тақырыпта қалам сермеген. Сондай мақалалардың бірі «Қалың мал мен көп қатын алудың тарихы». Осы мақалада жазушы қалың мал мен көп әйел алудың тарихына тоқталып, бұл кертартпа салттың қазақ қыздарына үлкен қасірет алып келгендігі жайлы жазады. Қазақта көп әйел алу жайы әменгерліктен басталған. Ежелде әменгердің бойдақ болуы шарты болатын, кейін бұл да қалды. Оның үстіне ұрпақ сүю, тұяқсыз қалмау үшін бәйбішенің өзі рұқсат ететін. Міне, осылайша қазақ қоғамында көп әйел алу дәстүрі басталды. Кейіннен қызды мал беріп алу, туысының көңілін аздаған дүние-мүлікпен тауып алу жайы басымдылық ала бастады. Бұл жайында С.Дөнентаев былай дейді: «Мал беріп қатын алуға айналған соң, «қазақ байыса қатын алады» деп шамасы келетіндер тоқал алуды дәулетті орнына жұмсаудың бір белгісі санаған. Өйткені тұрмыс жөнінен әйел еркектің қол астында болғандықтан, бір қызды алмақшы болған біреу ол қыздың әкесі, яки туысқандарын бірдеңемен риза қылу керек болатын болған» [3, 736]. Қазақ қыздарын қалың мал төлеп алу

дәстүрі елімізде Кеңес өкіметі орнағаннан кейін азда болса да азайды. Ақын бұл қазақ әйелі өміріндегі үлкен төңкеріске толы кезең болатынына сенді. С. Дөнентаев: «Жоғалсын қазақ әйелінің өмірін жеген қалың мал!»- деп бұл соқыр салтқа түбегейлі қарсы екенін ашық көрсете білді.

Сәбит Дөнентайұлы Абай, Ыбырай сияқты оқуға, тәрбиеге көп көңіл бөлген, оған зор мән бере білген ақын. Әсіресе оның жанына қатты батқан, көп ойландырып, толғандырған мәселе–қазақ қыздарының көкірегін оятып, сауатын ашу. Әйелдерді оқу-білімге шақырды. Оларға ескілікке бой алдыруға жол бермеу керек екенін, қалың малға сатылуларына қарсылық білдіру керектігін жете түсіндіріп былай дейді: «Әйел ақсақ болса, төңкерістің жемісі бойымызға сіңбейді, әйел надан отырса келешегіміз оңалмайды»[4,2006],- деп қыздар мен әйелдерді өнер-білім мен еңбекке оқуға шақырып: «Оқу ойыншық емес», «Сауатсыздықты жою жөнінде ұялмайтын болыңдар!» деп аталатын тілі өткір де, мағынасы мәнді, адамға рух беретін шығармаларын жазады. Білімсіз адам – жарты адам. Ал жарым адам бала тәрбиелей алмайды. Сауатты, білімді әйел ғана балаға дұрыс тәрбие беріп, өмірде дұрыс бағыт бере алады. Сондықтан қыз бала оқып, сауатын ашып, отбасында дұрыс отанасы бола білуі керек. Оның «Қазақ әйелдері һәм сауатсыздық» атты мақаласында қазақ қыздарының надандығы жайында кеңінен сөз етіледі. «Қазақ әйелі әлі күнге малша сатылып жүрсе, әлі күнге бостандықтың кәдірін біле алмай жүрсе, соның бәрі қараңғылықтың – надандықтың салдары. Қазақ әйелі оқып көзін ашпайқалыптан шыға алмақ емес деген сөзді айтушы қандай көп болса, білуші онан да көп» -дейді С.Дөнентав [3, 746]. Бұл мақалада қамтылған тағы бір мәселе сол замандағы сауат ашу мәселесінде, әсіресе әйелдерді оқытуға келгенде, қолында азда болса билігі бар зиялылардың ешбір көмек көрсетпеуін С. Дөнентайұлы қатты сынап жазды. Қазақ елінің артта қалуын, әлеуметтік дамудың мешеулігін ақын тікелей надандықтан, қазақтардың талапсыз бейқамдылығынан көреді. Мақаланың көмегімен ол қазақ халқының санасына басқа түскен ауыртпалықтан, қиын-қыстау күндерден, ең бастысы өзге жұрттың қысымынан құтылудың жолы–тек әріп танып, сауат ашу әсіресе қазақ қыздарын оқыту арқылы ғана мүмкін екендігін көрсетуді өзіне мақсат тұтты. С.Дөнентайұлы «жоғалсын сауатсыздық!» деп ұрандап надандықтың, қараңғылықтан құтылатын уақыттың әлдеқашан келгендігін ашына жазады.

Ақынның ағартушылық көзқарасы, қазақ халқының бойында тек қана жақсы қасиеттер оятуға арналады. С.Дөнентайұлы халықты қараңғыдан жарыққа шығуға, білім-ғылым үйреніп, басқа елдермен тең дәрежеде болуға шақырды:

Жабысайық, өнерге,

Ынтықпай қарап өлерге.

Өзіміз керек демесек,

Керек қып бізді келер ме?!

Жұмулы болып көзіміз,

Ізденбесек өзіміз,

Білімінен білгендер,

Бөліп бізге берер ме?![4, 3986]

деп елді қараңғылықты артқа тастап, өнер-білімді үйренуге, әрекетсіз жатпай болашаққа қадам басып, ағарту ісін қолға алуға шақырады. Ізденіссіз оқу-ғылым болмайтындығын айта келіп, С.Дөнентайұлы бұл өлеңін халыққа тікелей үгіт ретінде жазады.

С. Дөнентайұлы тәрізді әйелдер арасындағы сауатсыздық мәселесіне көңіл бөліп, тек көңіл бөліп қана қоймай сол тақырыпта қалам сермеген қаламгердің бірі– Жүсіпбек Аймауытов. Оның барша көкірегі ояу, көзі ашық қазақ қауымына кеңінен танымал «Ақбілек» романы азамат соғысының аласапыран тұсында қазақ елінің ауыр жағдайын, тұрмыс–тіршілігінен сыр шерткен ең бастысы қазақ қыздарының жағдайы жайында ашық баяндаған көлемді шығарма. Бұл роман жайлы академик С. Қирабаев былай дейді: «Романда жеке қыз тағдырын ала отырып, жазушы сол дәуірдің қат-қабат шытырман шындығын жан-жақты және терең бейнелегені көрсетеді. Революция дәуірінің әрі-сәрігіе түсініксіз қатал шындығы қазақ ауылында ғана емес, жаңа орнаған өкіметтің басқару жүйесінде де байқалады. Роман

кейіпкерлері осындай қиыншылықта іздене жүріп жол табады» [5, 373].

С.Дөнентайұлының қазақ қыздарының тағдыры жайлы мақала, фельетон, өлеңдері мен Ж. Аймауытұлының аталған тақырыптағы шығармаларымен негізгі ұқсастығы екі жазушы да бәрінен бұрын білімді, көзі ашық азамат болуды бірінші орынға қояды. Екі қаламгердің ойы бір жерден шықты деп толық айта аламыз. Себебі Сәбит те, Жүсіпбек те қазақ қыздарын қоғамдағы әділетсіздіктен, сүймеген адамға еріксіз қосылудан, біреуге бағыныштылықтан, басқа да қиын жағдайлардан тек оқу ғана құтқаратынына ескінің шырмауында қалған қазақ қоғамын сендіре білді.

Ж. Аймауытұлы «Ақбілек» романындағы басты кейіпкер Ақбілек образы арқылы барша қазақ әйелдеріне білімнің, ғылымның маңыздылығын жете түсіндірді. Бір басына соншама қиындық түскен Ақбілекке өмірді қайта бастап, біркездері өзін сөз қылып, өсектеген туған ауылына басын тік көтеріп баруына оның білім алып, сауат ашқындығы бірден бір себеп. Оқу-білім Ақбілектің өмірін түбегейлі өзгертті, соның арқасында ол ел көріп, жер көріп, жаңа әлемге аяқ басты.

«Ақбілектегі» орыс офицерінің қазақ қыздары туралы сөзін еске түсірсек: «Қазақтың кара көздерінің сиқырлы күші Еуропа әйелінен кем емес. Әнтек тәрбиеленіп, қылымсуды, еркекке жағынуды үйренбегені болмаса. Қазақ надан болған соң орыстан жатырқайды, жиренеді, қазақ қызы орыс жігітін сүймейді. Бізге өз сүйгеніміз де жетеді, бізге әйел керек» мұндағы қазақ қыздарының тәрбиесі жоғары, ар-намысын бірінші орынға қоятындығы көрсетілген. Мұндағы Жүсіпбек пен Сәбиттің ұқсастықтары, Сәбит қазақ қыздарына Еуропа әйелдерін үлгі қылып, олардың ер адаммен теңдігін айтып, білімділікті, ғылымды солардан үйренсін дейді. Ал Жүсіпбек қазақ қыздарының Еуропа әйелдерінен кем түспейтінін орыс офицерінің сөзі арқылы жеткізіп отыр.

Қорытындылай келгенде, С.Дөнентаев та қазақ әйелдері мен қыздарының санасына оқу-білімнің маңыздылығын түсіндіріп жеткізуге тырысты. Ол жоғарыда атап өткен «Қазақ әйелдері һәм сауатсыздық» атты мақаласында: «Қазақ әйеленің надан екені рас. Оқымай қатарға кіре алмайтыны да рас. Бірақ солар қайткенде оқи алмақ? Егер өзіміз бірігіп, қарындастарымызға қолдау көрпсетпесек! Кара да, хан да ананың тәрбиесінен нәр алып, болашақта үлкен азамат болып өспей ме? Сондықтан білгір ұрпақты өсіру үшін ертең ана болатын қыздарымыздың сауатын ашуымыз керек» деген қазақ қыздарына үндеу тастап, қазақ қыздарының өткен өміріне лағнет, қарғыс айтып, болашақта қазақ қыздарының басынан кара бұлт айығып, ашық аспан орнайды деген тілегін айтқан болатын. Міне, күні бүгін сол айтқаны орындалып, қазақ қыздарының басына бақ орнады.

С.Дөнентайұлы қазақ қыздарының оқып, өмірде өз орынын тапқанын бар жан-тәнімен қалап, оларды өз мақалалары мен шығармалары арқылы білім алуға ашық түрде насихаттады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ысқақов Б. Сәбит Дөнентаевтың ақындық жолы. – Алматы.: Мектеп, 1966.
- 2 Кенжебаев Б. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Білім, 1993.
- 3 Дөнентаев С. Таңдамалы. – Павлодар.: ЭКО, 2011, 88с.
- 4 Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.8. – Алматы.: Қазығұрт, 2007.
- 5 Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.4. – Алматы.: Қазығұрт, 2007.